

Бекітілді  
№1 Алматы қазақ мемлекеттік  
гуманитарлық-педагогтік  
колледж директорының міндетін атқарушы  
\_\_\_\_\_ Мендгазиева М.Т.  
№ 3 \_\_\_\_\_ мәжілісхат  
« 20 » маусым 2020 жыл

№ 1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық- педагогтік колледжінің  
2020 – 2021 оқу жылына қабылдау  
Е Р Е Ж Е С І

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы талапкерлерді оқуға қабылдау Ережесі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі заңының 5- бабының 11 – тармақшасына, ҚР-ның «Мемлекеттік қызметтер туралы» 2013 жылдың 13 –сәуіріндегі Заңының 5-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына (12.05.2020 жылғы № 197 бұйрығының өзгерістерімен, вице-министрдің №3598 тіркеу, 08.07.2020 жылғы хатына) сәйкес әзірленді және № 1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық- педагогтік колледжіне (әрі қарай Колледж) оқуға қабылдау тәртібін анықтайды.

2. Колледжге негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта) орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, сондай –ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар қабылданады.

3. Білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының 24-1) тармақшасын және 26-бабының 8-тармағына сәйкес айқындалған тұлғаларды қабылдауға квота көзделеді.

3.1. І,ІІ топ мугедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін -1 пайыз

3.2. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін -4 пайыз

3.3. Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай- ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата- анасынан айырылған немесе ата- анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы ҚР азаматтары үшін - 1 пайыз

**ІІ. Колледжге оқуға қабылдау тәртібі. Құжаттарды қабылдауды және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру**

4. Тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу мерзімінде және білім алушылар құрамына қабылдау үшін 1 маусымнан кешіктірмей қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың , жұмыс берушілердің , қоғамдық ұйымдардың білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді. Конкурстық комиссияның құрамынан оның мүшелерінің көп даусымен төраға сайланады.

4-1. Карантин жағдайларында ,әлеуметтік ,табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда түсу емтихандары жүргізілмейді.

5. Колледжге тұлғаларды білім алуға қабылдау олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

5-1. Карантин жағдайларында ,әлеуметтік ,табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қабылдау комиссиясының жұмысын білім беру ұйымы ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізеді.

6. Колледжге оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау:

1) орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына 20 маусым мен 25 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында; өнер және мәдениет мамандықтары бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 шілдесі аралығында ;

2) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 27 тамыз аралығында, оқудың кешкі нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында жүзеге асырылады.

6-2. Білікті жұмысшы кадрларды даярлау үшін білім беру ұйымдарына тұлғаларды білім алуға қабылдау олардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы колледжге (немесе көрсетілетін қызметті беруші) не "электрондық үкімет" веб-порталына (бұдан әрі - портал) жүгінеді және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz) интернет-ресурсында;

2) [www.egov.kz](http://www.egov.kz) порталында орналасқан.

*Талапкерлердің қабылдау комиссиясына өткізілетін қағаз түріндегі құжаттары:*

1) Үлгі бойынша өтініш;

2) Білімі туралы құжаттың түп нұсқасы;

3) Денсаулық туралы анықтама №086-У; флюорография суретімен;

4) №063 егу карточкасы;

5) № 088 –У, I, II топ мүгедектері және балалық шақтан мүгедектер үшін медициналық – әлеуметтік сараптаманың қорытындысы;

6) 3x4 сурет 4 дана

*Оқуға түсетін құжаттарды оқуға түсушінің жеке өзі немесе оның заңды өкілдері ұсынады. Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерге тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты қағаз түріндегі ұсынады:*

1) шетелдік - шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;

2) азаматтығы жоқ тұлға - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;

3) босқын - босқынның куәлігі;

4) пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;

5) оралман - оралман куәлігі немесе көші-қон карточкасы.

*Порталға жоғарыда көрсетілген құжаттардың электронды нұсқалары тіркеледі.*

7-1. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш келіп түскен күні жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

7-2. Құжаттарды портал арқылы тапсырған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраныстың қарастырылу мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінішті түскен күні тіркейді және оны жауапты құрылымдық бөлімшеге орындау үшін жолдайды. Өтініш жұмыс уақытынан кейін, демалыс және мерекелік күндері түскен жағдайда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

7-3. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері қағаз жеткізгіште немесе құжаттарды портал арқылы ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қарастырудан дәлелді бас тарту туралы жауап жолдайды.

7-4. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға Колледжге құжаттардың қабылданғаны туралы хабарламаны «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығының 5-қосымшасына сәйкес жолдайды.

8. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи, және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 20 маусымынан бастап білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейіндік пәндер бойынша бағалардың немесе шығармашылық конкурстың және басқа да арнайы конкурстардың нәтижелері бойынша бағалардың жиынтық балын көрсете отырып, «Білім туралы» ҚР Заңының 26-бабаның 8-тармағына сәйкес қабылдау квотасы көзделген талапкерлер мен тұлғалардың тізімдік құрамын колледж сайтында қалыптастырады және оның күн сайын жаңартылуын қамтамасыз етеді.

9. Оқуға түсушілерден түскен өтініштер техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

10. Қабылдау комиссиясы қабылдау барысында талапкерлердің сөйлеу және есту органдарынан кемшілік тапса, құжаттарын қабылдамауға құқылы.

11. Орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін білім алушылар құрамына қабылдауға арналған конкурс білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндердің жиынтық балының нәтижелері бойынша өткізіледі.

Бағалардың жиынтық балы;

- Негізгі орта білімі бар (9 сынып) оқуға түсушілер үшін - үш пән бойынша бағалар: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі) және мамандық бейіні бойынша екі пән бойынша және / немесе шығармашылық конкурс және / немесе басқа да арнайы конкурстар бағалары;
- Жалпы орта білімі бар (11 сынып) түсушілер үшін – төрт пәннің бағасы: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән бойынша және / немесе шығармашылық конкурс және / немесе басқа да арнайы конкурстардың бағалары;
- Педагогикалық мамандыққа, арнайы және шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсуші тұлғалар шығармашылық емтиханды ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану және/немесе мамандық бойынша талапкердің портфолиосын (қағаз немесе электронды түрде) әзірлеу арқылы тапсырады. Емтиханды онлайн режимінде тапсыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, талапкерлер білім беру ұйымына шығармашылық тапсырманы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жолдайды. Қажет болған жағдайда қабылдау комиссиясы бейне-конференц-байланыс жүйесі арқылы талапкерлермен әңгімелесу өткізеді.

11-1. «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша карантин жағдайында талапкердің дене дайындығының көрсеткіштерін штаттық режимдегі өткізу мүмкін еместігін және бейнеролик арқылы жеке көрсеткіштер сұрату үшін техникалық және қауіпсіздік ережелері сақталу қажеттігін және ол кезде медициналық қызметкердің қатысуы мүмкін болмауын ескеріп, шығармашылық емтиханның орнына талапкер мектепте

тапсырған Президенттік (ұлттық, бастапқы) деңгейлік көрсеткіштері туралы құжат пен портфолионы қабылдау комиссиясына тапсырады және қабылдау комиссиясы бейне-конференц-байланыс жүйесі арқылы талапкерлермен әңгімелесу өткізіледі.

Портфолио төмендегідей мазмұнда ұсынылады:

1. Талапкерге спорттық мінездеме (мектеп директорының қолымен, мөрімен бекітілген, дене тәрбиесінің мұғалімі немесе жаттықтырушысы берген спорттық мінездеме) Бұл мәлімет талапкердің аталған мамандыққа бейімділігін ескеруге негіз болады, мінездеме үшін балл қосылмайды, қосымша ақпарат болып есептеледі;
  2. Талапкердің дене тәрбиесіне дайындығы мен жетістіктерін дәлелдейтін құжаттар (дипломдары, грамоталары, алғыс хаттары және т.б.);
12. Колледжде күндізгі оқу бөліміне негізгі орта, жалпы орта білім беру бойынша жұмысшы мамандығына және сырттай оқу бөлімдеріне талапкерлер қабылданады.

*12-1. Негізгі орта білімі бар тұлғалар үшін мемлекеттік тапсырыс бойынша жергілікті бюджет негізінде :*

- 0101000- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»
  - 010101 3 – «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі»
- 0105000 – «Бастауыш білім беру»
  - 010501 3 - «Бастауыш білім беру мұғалімі»
- 0111000 «Негізгі орта білім беру»
  - 011102 3 – «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі»
  - 011108 3 - «Шетел тілі мұғалімі»
  - 011109 3 - «Информатика мұғалімі»
- 0103000 – «Дене тәрбиесі және спорт»
  - Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі.

*12-2. Жалпы орта білімі бар тұлғалар үшін мемлекеттік тапсырыс бойынша:*

- 0105000 – «Бастауыш білім беру»
  - 010501 3 - «Бастауыш білім беру мұғалімі»

*12-3. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес*

- 0101000- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»
  - 010105 1 – «Тәрбиелеушінің көмекшісі»

жұмысшы мамандығына құжаттар қабылданады.

*12-4. Жалпы негізгі және орта білімі бар тұлғалар үшін шаруашылық есеп негізінде қабылданатын мамандықтар:*

- 0105000 – «Бастауыш білім беру»
  - 010501 3 - «Бастауыш білім беру мұғалімі»
- 0111000 «Негізгі орта білім беру»
  - 011101 3 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі»
  - 011108 3 - «Шетел тілі мұғалімі»
- 0512000- «Аударма ісі»
  - 0512013- «Аудармашы
- 0103000 - «Дене тәрбиесі және спорт»
  - 0103023 - «Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі»

мамандықтарына құжаттар қабылданады.

*12-5. Жалпы орта білімі бар тұлғалар үшін сырттай оқу бөліміне қабылданатын мамандықтар:*

- 0101000- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»
  - 010101 3 – «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі»
- 0103000 - «Дене тәрбиесі және спорт»
  - 0103023 - «Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі»

мамандықтарына құжаттар қабылданады.

13. Педагогикалық мамандықтары бойынша арнаулы емтихандар күнтізбелік жылдың 27 шілдесі мен 08 тамыз аралығында, шығармашылық емтихандар күнтізбелік жылдың 21 шілдесі мен 28 шілдесі аралығында өткізіледі.

14. Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндердің тізбесі 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығының 1 қосымшасына және Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына 7-қосымшаға сәйкес анықталды.

15. Негізгі орта және жалпы орта білімі бар тұлғалар үшін білімі туралы құжаттың ортақ балдары есептелетін пәндер көрсеткіштері:

| p/c | Мамандық атаулары                                                                                    | Бейіндік пәндердің атауы                                                       |                                                                                                  |
|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|
|     |                                                                                                      | Негізгі орта білім беру бойынша<br>(9 сынып көлемінде)                         | Жалпы орта білім беру бойынша<br>(11 сынып көлемінде)                                            |
| 1   | 0101000- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»<br>010101 3 – «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» | Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, биология;                                          | Қазақ тілі, қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, биология;                                          |
| 2   | 0105000 – «Бастауыш білім беру»<br>010501 3 - «Бастауыш білім беру мұғалімі»                         | Қазақ тілі, алгебра, биология;                                                 | Қазақ тілі, қазақстан тарихы, алгебра, биология;                                                 |
| 3   | 0111000 «Негізгі орта білім беру »<br>011101 3 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі»                  | Қазақ тілі , қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті;                                 | Қазақ тілі , қазақстан тарихы, алгебра, қазақ әдебиеті;                                          |
| 4   | 0111000 «Негізгі орта білім беру »<br>011108 3 - «Шетел тілі мұғалімі»                               | Қазақ тілі, қазақ әдебиеті ағылшын тілі;                                       | Қазақ тілі, қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті , ағылшын тілі;                                     |
| 5   | 0111000 «Негізгі орта білім беру »<br>011102 3 – «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі»                   | Орыс тілі мен орыс әдебиеті, қазақ тілі, қазақ әдебиеті;                       |                                                                                                  |
| 6   | 0111000 «Негізгі орта білім беру »<br>011109 3 «Информатика мұғалімі »                               | Қазақ тілі , қазақ әдебиеті, алгебра;                                          |                                                                                                  |
| 7   | 0103000 - «Дене тәрбиесі және спорт »<br>0103023 - «Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі»                  | Қазақ тілі, биология, спорттық көрсеткіштер және жетістіктер бойынша портфолио | Қазақ тілі, қазақстан тарихы, биология, спорттық көрсеткіштер және жетістіктер бойынша портфолио |
| 8   | 0512000- «Аударма ісі»<br>0512013- «Аудармашы»                                                       | Қазақ әдебиеті, қазақ тілі, ағылшын тілі;                                      |                                                                                                  |

15. 011108 3 - «Шетел тілі мұғалімі» мамандығына мектепте ағылшын тілін оқымаған азаматтардың құжаты қабылданбайды.

15-1. 011108 3 - «Шетел тілі мұғалімі» мамандығы бойынша арнайы емтихан талапкерлердің ағылшын тілінен бастапқы базалық деңгейін анықтау мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы немесе бейне-конференц-байланыс жүйесі арқылы талапкерлермен әңгімелесу өткізіледі. Арнаулы емтихан "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады.

16. Педагогикалық мамандықтар, арнаулы немесе шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтар бойынша білім беру ұйымдарына оқуға түсетін тұлғалар Колледж өткізетін арнаулы және шығармашылық емтихандарды тапсырады. Арнаулы және шығармашылық емтиханды өткізу нысаны Қағидалардың 2- қосымшасына сәйкес анықталады.

17. Оқуға түсушіні арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін цифрлық платформаның конференциялық бейне байланысына кіргізу жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде рұқсат етіледі.

17-1. Карантин жағдайларында , әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда өнер және мәдениет мамандықтарына түсу үшін шығармашылық конкурс

күнтізбелік жылдың 21-28 шілде аралығында өткізіледі, олардың мазмұны мен бағалау өлшемшарттарына қойылатын талаптарды колледждің қабылдау комиссиялары айқындайды.

18. Карантин жағдайларында , әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда шығармашылық және арнайы конкурстардың қорытындылары колледждің қабылдау комиссиясының хаттамасымен рәсімделеді;

19. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның өткізу қорытындылары – бағалау ведомостарымен ресімделеді. Арнаулы (немесе) шығармашылық емтихан "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады.

20. Білім беру ұйымында бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және арнаулы және шығармашылық емтихандардың нәтижелерін бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешу, оқуға түсушілердің құқығын қорғау мақсатында білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелері тақ санынан тұрады. Апелляциялық комиссия мүшелері техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы педагогтердің санынан құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің құрамынан оның мүшелерінің көп дауысымен басшы сайланады.

20-1. Карантин жағдайларында , әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда апелляциялық комиссия шығармашылық және арнайы конкурстардың жиынтық балы және қорытындылары бойынша конкурстың нәтижелерін қарайды;

21. Карантин жағдайларында , әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда конкурс нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға өтініш береді.

Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға арнаулы және шығармашылық емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін беріледі және апелляциялық комиссиямен өтініш оны берушісінің қатысуымен бір жұмыс күні ішінде өтініш берген күннен бастап қаралады.

22. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы апелляциялық комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

25. №1 АҚМГПК қабылдау мамандықтар, оқыту тілі бойынша қабылдау комиссиясының ашық отырысында өткізіледі.

26. Қабылдау конкурсы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығының 24-тармағына және 08.07.2020 жылғы вице –министрдің №3598 хатына сәйкес колледжге қабылдау білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндердің жиынтық балының нәтижелері , арнаулы және шығармашылық емтихандарының нәтижелері бойынша және әр мамандық бойынша портфолиоардың жиынтық баллдар негізінде өткізіледі.

**26-1. 0103000 - «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша портфолионы бағалау критерийлері:**

| р/с | Спортакиадалар мен жарыстардың деңгейлері мен атаулары                    | Баллдық көрсеткіші |
|-----|---------------------------------------------------------------------------|--------------------|
| 1   | Мектепшілік деңгейдегі жарыстар мен спортакиадалардың көрсеткіштері       | 2 балл             |
| 2   | Аудандық, қалалық деңгейдегі жарыстар мен спортакиадалардың көрсеткіштері | 3 балл             |
| 3   | Республикалық деңгейдегі жарыстар мен спортакиадалардың көрсеткіштері     | 4 балл             |
| 4   | Халықаралық деңгейдегі жарыстар мен спортакиадалардың көрсеткіштері       | 5 балл             |

26-2. Көрсеткіштер бірдей болған жағдайда қабылдау кезінде мыналардың құқығы басым болады (растайтын құжаттары нотариалды куәлендірілген жағдайда): жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, I және II топтағы мүгедектер, медициналық -

әлеуметтік сараптаманың тұжырымына сәйкес оқу орындарында оқуға қайшы келмейтін бала кезінен мүгедектер және үздік білімі туралы құжаттары бар (куәліктер, аттестаттар, дипломдар) тұлғалар.

27. Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

1) оқудың күндізгі нысанына - күнтізбелік жылдың 25-31 тамызы аралығында;

2) оқудың кешкі және сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 15-30 қыркүйегі аралығында өткізіледі.

27-1. Білікті жұмысшы кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

1) оқудың күндізгі нысанына - негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 25 тамызы мен 31 тамызы аралығында;

2) оқудың кешкі және сырттай нысанына - негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 15 қыркүйегі мен 30 қыркүйегі аралығында өткізіледі.

28. Қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты қабылдау комиссиялары орта буын мамандарын даярлауды көздейтін оқудың күндізгі нысанына түсушілердің назарына - күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, білікті жұмысшы кадрларды даярлау бойынша - күнтізбелік жылдың 10 қыркүйегіне дейін, кешкі және сырттай оқу нысандарына - күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін ақпараттық стендтерге немесе білім беру ұйымының интернет-ресурстарына орналастыру арқылы жеткізеді.

орындаған:

Қабылдау комиссиясының  
жауапты хатшысы:

Онгарова Б.К.

( келген хаттар, нұсқаулықтардың негізінде өзгертіліп отырылды)

